

**Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарлар бойынша есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығын төлеуді қолдану қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1705 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 573 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.07.2015 № 573 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 49-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарлар бойынша есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығын төлеуді қолдану қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*  
*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1705 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарлар бойынша есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығын төлеуді қолдану қағидалары**

1. Осы Қағидалар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Енгізу

туралы заң) 49-1-бабына сәйкес әзірленген және Заңның 49-1-бабында көрсетілген, Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарлар бойынша (бұдан әрі – ҚҚС) есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығын төлеу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарлар бойынша есепке жатқызу әдісімен ҚҚС төлеу мынадай шарттарды орындағанда:

1) тауарлар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) е н г і з і л г е н ;

2) Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың импорты бойынша есепке жатқызу әдісімен төленуге тиіс қосылған құн салығы сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету бойынша және оларды мақсатты пайдалану туралы міндеттеме (бұдан әрі – Міндеттеме) салық қызметі органына табыс етілген жағдайда жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.04.16 № 465 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

3. Міндеттемені ҚҚС төлеуші салық қызметі органына салық кезеңінен кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей, Салық кодексінің 276-20-бабының 3-тармағында көрсетілген импортталатын тауарлар мен құжаттар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен бір мезгілде табыс етеді.

4. Міндеттемеге Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларды әкелу кезінде шартқа (келісімшартқа) Қазақстан Республикасының кеден органы беретін Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды бойынша қорытынды қоса беріледі. Бұл ретте егер шартта (келісімшартта) мұндай тауарды бірнеше рет жеткізу көзделген жағдайда, онда Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды бойынша қорытындының түпнұсқасы тек бірінші жеткізу бойынша беріледі, ал кейінгі жеткізулер бойынша осындай қорытындының көшірмесі беріледі.

5. Міндеттеме екі данада толтырылады, оның біреуі қабылданғаны туралы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады.

6. Міндеттеменің негізінде тауарларды әкелу ҚҚС іс жүзінде төлемей, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен акцизделетін тауарлар бойынша акциздерді төлеу шартымен жүргізіледі.

7. Міндеттемеде көрсетілген ҚҚС сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен есептеу және есепке жатқызумен бір мезгілде ҚҚС бойынша декларацияда көрсетіледі.

8. Мүлікті қаржылық лизингке беруді қоспағанда, Енгізу туралы заңның 49-1-



ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік сериясы  
□ □ □ □ □ № □ □ □ □ □ □ □ «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_ ж. берілген

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(салық қызметі органының атауы)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**2-бөлім. Тауарлардың импорты бойынша есепке жатқызу әдісімен төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету**

Қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

( с а л ы қ к е з е ң і )

үшін есепке жатқызу әдісімен бюджетке төленуге тиіс қосылған құн  
с а л ы ғ ы н ы ң

( \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ теңге сомасын көрсетуге міндеттенемін.

(сомасы жазбаша)

**3-бөлім. Қосылған құн салығын төлеу есепке алу әдісімен жүргізілетін тауарларды мақсатты пайдалану**

Тауар ретінде мыналар әкелінді:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

тауарлардың атауы, СЭҚ ТН (сыртқы экономикалық қызметтің  
бірыңғай тауар номенклатурасының коды)

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды бойынша

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

20 \_\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_ № \_\_\_ қорытындысы.

Осыған орай, қаржы лизингіне беруді қоспағанда, көрсетілген тауарларды одан әрі сату үшін емес, қатаң түрде мақсатты бағытына сәйкес пайдалануға м і н д е т т е н е м і н .

Көрсетілген тауарлар мақсатсыз пайдаланылған жағдайда Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қосылған құн салығының сомасы мен өсімпұл төлеуге міндеттенемін.

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /  
(Салық төлеушінің Т.А.Ә.) (қолы)  
Міндеттеме тапсырылған күн 20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_ № \_\_\_\_

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /  
(Міндеттемені қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.) (қолы)  
Міндеттеме қабылданған күн 20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
Салық қызметі органының М.О.